

2010 жылға арналған Жезқазған қаласы аумағында сыртқы жарнамаларды орналастыруға төленетін төлем ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2009 жылғы 22 желтоқсандағы N 19/224 шешімі. Қарағанды облысы Жезқазған қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 қаңтарда N 8-2-104 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2010 жылғы 5 сәуірдегі N 22/269 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2010.04.05 N 22/269 шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексіне сәйкес, Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2010 жылға арналған Жезқазған қаласы аумағында сыртқы жарнама орналастыруға төленетін төлем ставкалары белгіленсін.

2. "2009 жылға арналған Жезқазған қаласы аумағында сыртқы жарнамаларды орналастыруға төленетін төлем ставкаларын белгілеу туралы" қалалық мәслихаттың 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 13/157 (2009 жылдың 19 мамырында Жезқазған қаласы әділет басқармасында 8-2-84 нөмірімен тіркелген және 2009 жылдың 22 мамырында "Сарыарқа" газетінің 55 (7548) нөмірінде ресми жарияланды), шешімі өз күшін жойды деп танылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і .

4. Осы шешімнің орындалу барысын бақылау қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларына жүктелсін.

Сессия төрағасы

Н. Ярмак

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т т ы ң

хатшысы

Қ. Әбдіров

Келісілді:

*"Жезқазған қаласы бойынша
салық басқармасы" мемлекеттік*

мекемесінің бастығы

Б.Д. Ахметов

22.12.2009 ж.

Жезқазған

қалалық

мәслихатының

2009

жылғы

22

желтоқсандағы

қосымша

Жезқазған қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастырғаны үшін ай сайын төленетін төлемақы ставкалары

N п/п		Төлемақы ставкалары (бір жағы үшін) (АЕК)
1.	Жылжымайтын объектілерде:	
1.1	алаңы 2 шаршы метрге дейін сілтемелер, маңдайшалар, ақпараттық қалқандар (бір объект үшін)	1
1.2.	лайтбокстер (сити форматтағы)	2
1.3.	Алаңы мынадай болатын жарнамалық-ақпараттық объектілер:	
1.3.1.	2-ден 5 шаршы метрге дейін	3
1.3.2.	5-тен 10 шаршы метрге дейін	5
1.3.3	10-нан 20 шаршы метрге дейін	10
1.3.4.	20-дан 30 шаршы метрге дейін	15
1.3.5.	30-дан 50 шаршы метрге дейін	20
1.3.6	50-ден 70 шаршы метрге дейін	30
1.3.7.	70 шаршы метрден астам	50
1.4	Шатырүсті неондық жарнама құрылғылары (жарық-динамикалық панно немесе көлемді неондық әріптер):	
1.4.1.	30 шаршы метрге дейін	20
1.4.2.	30 шаршы метрден артық	30
1.5.	палаткалардағы, тенттердегі, шатырлардағы, бастырмалардағы, қалқашатырлардағы, тулардағы, жалаушалардағы, штандарттардағы жарнама:	
1.5.1.	5 шаршы метрге дейін	1
1.5.2	5-тен 10 шаршы метрге дейін	1
1.5.3.	10 шаршы метрден астам	2
1.6.	Уақытша тұрпаттағы дүңгіршіктер мен павильондардағы жарнама:	
1.6.1.	2 шаршы метрге дейін	1
1.6.2.	2-ден 5 шаршы метрге дейін	1
1.6.3.	5-тен 10 шаршы метрге дейін	2
1.6.4.	10 шаршы метрден астам	4
1.7.	Жарнамалық жайма құрылғылары (штендерлер)	5
2.	Жылжымалы объектілерде:	

2.1.	Көлік құралының сыртқы жағындағы жарнама (бір бірлігі үшін):	
2.1.1.	автобустарда, троллейбустарда, трамвайларда, жүк машиналарында, арнайы автомобильдерде (1,5 тоннадан астам жүк көтеретін), өздігінен жүретін машиналар мен механизмдерде	4
2.1.2.	шағын автобустарда, таксилерде, жеңіл автомобильдерде (1,5 тоннаға дейін жүк көтеретін)	2
2.2.	Автокөлік құралына орнатылған құрылғылардағы жарнама (панно, қалқандар, лайтбокстер және тағы басқалар) бір жағы үшін:	
2.2.1.	2 шаршы метрге дейін	2
2.2.2.	5 шаршы метрге дейін	10
2.2.3.	5-тен 10 шаршы метрге дейін	25
2.2.4.	10-нан 20 шаршы метрге дейін	25
2.2.5.	20-дан 40 шаршы метрге дейін	45
2.2.6.	40 шаршы метрден астам	40